

Кесте және кестелеу

өнері





Ертеде халқымыз тұтынатын бұйымдарының бәрін кестемен әшекейлеп безендірген. Сол сияқты қазақ халқының қолөнерінің өмірге келуі халықтың көшпелі өміріне байланысты. Атадан баласына, анасынан қызына мұра болып келе жатқан - сәндік өнерінің өзі ұлттық мәдениеттің дамуына ықпал етеді. Аталарымыз қызымыз бен ұлымыз сегіз қырлы, бір сырлы болуын қадағалаған. Әсіресе қыз балаға: ине сабақтап, түйме қадау, кесте тігуді, ас пісіруді үйретсе, ұл балаларымызға таспа тілу, өрім тоқу, мал сою және мүшелуді үйреткен. Бүгінгі күннің талабына сай қолөнер түрлері де сан алуан. Кестелеу, көркемдеп тігу, ою - өрнектерін әшекейлеу.



есте – қазақ халқының қолөнерінің ерекше түрінің бірі. Қолмен кестелеп тігу – өте көне заманнан эле жатқан қолданбалы өнер түрі. Қолданбалы өнер – көптеген елдердің шеберлерінің, суретшілерінің шығармашылық жемісі

Ол киімдерді, интерьерді әшекейлеу нәтижесінде кісінің көңіл - күйін көтереді. Қол кестесі бұйымдарына тұтынушылар сұрасының өсу бұйымдардың түрлерін көбейтуге, оның сәндігін түрлендіруге және кестелеудің әдістерін көбейтуге көмектеседі.



Кесте өнері ежелден белгілі .





Кестеге моншақ, інжу, маржан, т.б. асыл тастар тағылады. Кестені материалдың бетін түгел бастыра немесе гүл шоғырына ұқсатып та әшекейлейді. Бұйымды тұтастай бастыра әшекейлеу үшін шалыс, жатық, терме, жөрмеу тәсілін қолданады. Кестенің біз кесте, баспа жылтыр, тамбурлы кесте, албыр кесте (екі ізді), кенебе ине, т.б. түрлері белгілі. Біз кестенің шым кесте және әредік кесте деп аталатын екі түрі бар.

Кесте – сәндік қол өнерінің бір түрі. Мата, тері, киіз, т.б. материалдар бетіне әр түрлі боялған жіптермен, жібек зерлермен сурет, өрнек салып тігу арқылы жасалады. Ежелден халық арасына кең тараған. Кестенің алғашқы үлгілерін Пазырық және Ноин-ұлан (б.з.б. 5 ғ.) қорғандарынан табылған құрал-жабдықтардан (тұскиіз, тұскілем, киім-кешектер, жауынгерлердің сыртқы су қағарлары, шекпен, қамзол, желең) көруге болады.



- Кесте тігу әдістері
 - Маржандап кестелеу
 - Сабақшалап кестелеу
 - Тігін машинасымен кестелеу
 - Алтындап кестелеу
 - Тесіп торлап кестелеу
 - Айқас тігіс
 - Бедерлеп кестелеу
 - Көпіртіп кестелеу
 - Түктеп кестелеу



Көпіртіп тігу





Кестелеп тігу ісіндегі әдемілік пен көрнектілік жағынан ерекше көзге түсетін түрлерінің бірі көпіртіп тігу. Көпіртіп тігу кестесі де әзірленген өрнек үлгісінің ізімен тігіледі. Мұнда материалдың үстіңгі бетіне бүлдіргеленген жіп селпеулері қалдырылып отырады. Кестенің жібі бірнеше түсті болуы мүмкін.



*Юлия Милокумова
ручная вышивка*





Бедерлеп тігу әдісімен алма, жүзім, бүлдірген, қарақат, қауын-қарбыз түйнектері сияқты түрлі жемістерді салуға болады. Көпіртіп кестеленген бұйымдар жуыла да өтектеле де береді, бірақ өтектен шыққан соң оларды қағып, сілкіп бүртіктерін тірілту керек.






Кестені түктеп тіккенде бізбен шалынған жіптің үстіңгі жағында (өң бетінде) кейде 1, кейде 2 сантиметрдей бүлдіргі қалып отырады. Шебер кестені тігіп болғаннан кейін әлгі қалған бүлдіргілерді тегістеп қырқады. Жиі шаншылып, қалың түсірілген бүлдірге жіптері қырқылып тегістелген соң, кәдімгі кілемнің түгі сияқты түрлі түсті болып құлпырып тұрады (түкті кілем).





Кейде бүлдіргілердің астына ширатқан жуан жіпті ширатқан шүберекті, жұмсақ металл шыбықтарын мүйіздеп, ою өрнегіне келтіріп салып тігеді де, тігіп болған әлгі тігіс астына салынған заттарды үстінен тіліп алып тастайды. Мұндай әдіспен түктеп тігілген өрнектер мінсіз және түгінің биіктігі біркелкі шығады.





ҚАЖЕТТІ ҚҰРАЛ-

НАБЫҚ



Жасалу жоспары:

- Ең алдымен матаға суретті тусіріп аламыз
- Сурет бойынша тігуді бастаймыз
- Инені мата астынан алып жартылай үстінен шығарамыз
- Жартылай шығарылған инеге жіпті ораймыз
- Толықтай инені мата бетіне алып кері қайтарамыз

Жұмыстың барысы









www.needlework-art.com



www.needlework-art.com



[facebook.com/NeedleworkArt](https://www.facebook.com/NeedleworkArt)



[youtube.com/user/NeedleworkArt](https://www.youtube.com/user/NeedleworkArt)

Қолданылған заттардың шығыны

Құралдар	Баст.бағасы (теңге)	Қолд.саны (дана)	Бағасы (теңге)
Мата	500	0,5метр	250
Жіп	25	25	625
Кергіш	350	1	350
Қайшы	1	1	1000
Барлығы			2225

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

- **1. Қайдаров Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. 1985. №10. 18-22-бб.**
- **2. Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті: Фил. ғыл. докт. ... дисс. –Алматы, 2004.**
- **3. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. –Алматы: Қазақстан, 1969.**
- **4. Ысқақызы Ә. Сырмақ өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007. –232 б.**
- **5. Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. –Алматы: Қазақстан, 1997. –96 б.**
- **6. Ою-өрнектің кестелік түрмен көркемделіп тігілуі**

Назарларыңызға рахмет

Тексерген: Мухангалиева Ш. А

Орындаған: Шайкенова К. Б